

Учаске мастери Серік Құттыбаев

Көмірлі қаланы мекендеп жатқанымызбен, көмірдің қайдан және қалай өндірілетіні жайлы ойлана бермесіміз хақ. Тек қақаған қыстың суығында үйімізді ұядай жып-жылы ететін «сиқырлы кесектердің» қала шетінде қарауытқан тау-тау үйінділердің ар жағынан келетінін білетініміз болмаса...

Шахтер мерекесі қарсаңында қаламыздың аумағындағы қара алтын ошағының бірі де бірегейі Еуроазиялық энергетикалық корпорацияға қарасты «Шығыс» кенішіне жолымыз түсті. Кенішті бетке алып жүйткіп келеміз. Жол бойы алдымыздан бірнеше рет кездескен күзет беткерттерінде күзетшілер әр көліктің жүк-салғышын, жанармай құтыларын жіті тексеруде. Соңғы шлагбаум тұсында күлімсіреп жөн сілтеген кезекшіні артқа тастағанмызда, «Шығыс» көгінде көл-

қалағындағы көмірден басқа, яғни әрқайсысының сапасы әр түрлі. Енді сол әр түрлі көмірді барабанды-ұсатқыш машиналар араластырып, белгілі бір сапаға жеткізген соң, тиеу пунктіне жөнелтеді. Осылайша қара алтын тиеу пунктінен вагондарға салынып, тұтынушыларға жол тартады.

Егер тиеу пункті дегенді естігенде, көз алдыңызға жүк тиіп жатқан ауыр машиналарды елестетер болсаңыз, қателескеніңіз. Вагонға көмір тиеуді мұнда әйел қызметкерлер сүйірік саусақтарымен компьютер тетіктерін сыртғылдатып отырып-ақ атқарып тастайды.

Серік Толымбекұлымен бірге көмір тиеу пунктіне келгенімізде, оператор **Гүлсім Әлмағамбетова** жұмыс үстінде отыр екен. Оператордың дәл алдында орналасқан терезенің ар жағында ақырын жылжыған вагонға жоғарыдағы құбырдан көмір құйылуда. Көмір вагонға белгілі бір өлшеммен тиелуі тиіс. Мөлшерден ауытқып, ар-

“ШЫҒЫСТЫН” қайратты кеншілері



Штабель қалау


Серік Толымбекұлы учаскенің маңдайалды жұмыскерлері ретінде штабельқалағыш машинисі **Жылыбек Ақтамбердиновтің**, конвейер машинисі **Исатай Абиқовтің**, көмір қоймасының бригадирі **Ербол Жабықовтың**, машинист **Алтынбек Омаровтың** есімдерін ерекше атап өтті.

Бізді «Шығыс» кенішінің технологиялық кешендер учаскесімен кеңінен таныстырып шыққан Серік табиғатынан салмақты жігіт екен. Сабырлы мінезі дәл осы мамандығына сай жаралған ба дерсің. Оның өзі де мұнда 1985 жылдан бері істейді. Ол Екібастұзға 1982 жылы жұбайы Фатима Айтқалиевамен бірге Мәскеу полиграфия институтын бітіріп келген. Еңбек жолын «Богатырь» кенішінде экскаватор машинисі көмекшісінен бастаған Серік Құттыбаев бүгінде «Шығыс» кенішінде бірдей бір учаскенің мастери. Серіктің әрбір жаңа жұмыс күні учаске бастығынан наряд алудан басталады. Одан соң ол жұмысты наряд бойынша жұмыскерлерге бөледі. Учаскедегі жұмыстың ойдағыдай орындалып, техниканың талапқа сай


ауысымға тапсырған жұмыскерлер тау-тәтті түрде жуыну бөлмесіне беттеп барады. Мұнда олардың жұмыстан соң сергуі үшін сауна, бассейн, тренажер залы да жабдықталған. Мейрам сайын кеніш еңбеккерлері спорт жарыстарын өткізіп, жүлделер алады. Ал жазғы демалыста олардың өздері де, балалары да кеніш ұсынған жеңілдіктермен Жасыбайдағы демалыс орнында, Бурабайда демалып, Ақсу қаласындағы профилакторийде емделеді. Оның үстіне, қазір қалада кеніштің өз емханасы бар. 3 жылдай уақыт бұрын ашылып, жаңа заман құралдарымен жабдықталған «Евразия» емханасында «шығыстықтардың» тегін емделуіне кеніш тарапынан жағдай жасалған.

...Кеніш туралы татымды әңгіме айтқан Серік Толымбекұлына алғысымызды білдіріп, кеніштен шықтық. Қара алтынның қайнаған қазаны артқа қалды. Ә-эне, анау жақта «Менің тоқтайтын уа-

Ленталы конвейер



Серік Толымбекұлы конвейер машинисі Исатай Абиқовпен



Серік Толымбекұлы конвейер машинисі Исатай Абиқовпен



бөндеген қара қошқыл түтін бізге «Қош келдіңдер!» деп қонақжайлықпен қол бұлғағандай.

Міне, бізді кеніштің технологиялық кешендер учаскесінің шебері **Серік Құттыбаев** өндірістің нағыз қайнап жатқан қазанына бастап әкелді. Кеніш орталығындағы көру алаңына көтерілдік. Айналада жұмыс істеп жатқан алып экскаваторлар, конвейер лентасымен әп-әдемі ғана жылжып бара жатқан көмір, қатпарқатпардың арасындағы жолмен жер бауырлай сырғыған вагондар - осының бәрі сенің алақаныңда тұрған секілді. Көз ұшында кен қыртысын тырмалап, тырбанған экскаваторлар. Серік Толымбекұлы ол жер №1 кен шығару учаскесі (УДР 1) екендігін түсіндіріп өтті. Көмір сол жерден бірден экскаватор қалағымен ленталы конвейерлерге тиеледі. Оның конвейерді бойлай жоғары көтерілуін одан әрі УДР 2 учаскесі жүзеге асырады.

Технологиялық кешендер учаскесі кеніштегі жұмысы күрделі учаскенің бірі. Білікті мастер Серік Құттыбаев жұмыс істейтін бұл учаскеде 200-ден астам адам еңбек етеді және оның басым көпшілігі кеніш ашылғаннан бері келе жатқан еңбеккерлер. Мына әсем қаланған биік-биік көмір үйінділері - солардың қолынан шыққан ғажайып. Шахтер тілінде мұны штабель (көмір қатары) деп атайды. Ол не үшін керек? Әрине, кез келген тұтынушы сапалы отын талап етеді. Технологиялық кешендер учаскесі тұтынушыларға сол сапалы көмірді жеткізу үшін тер төгеді. Қазір де штабельқалағыштар қара шанды бұрқ еткізіп, көмір қатарларын қалауда. Штабельге ана бір экскаватор сеуіп тастаған көмір күлділігі жағынан мына екінші экскаватор

тық не кем, әйтпесе вагонның бір жағын ала тиеуге болмайды. Осының бәрін Гүлсім компьютер арқылы қадағалап отыр.

Учаске шебері Серік Құттыбаевпен технологиялық кешендер учаскесінің ұжымы жайлы әңгімелескенімізде, ол өз ұжымының өте тату, ұйымшыл екендігін айтып ағынан жарылды.

-200-ден астам еңбеккердің көпшілігі кеніш ашылған 1985 жылдан бері осында істеп келе жатқанын айттым ғой. Әдетте ұжымға мұндай тұрақтылық қайдан келеді? Әрине, басының арқасында екенін өзіңіз де түсінетін шығарсыз. Учаскеміздің бастығы Кенжехан Асылбекұлы жұмыста талап қойғыш, қатал болғанымен, жұмыстан тыс уақытта өте мейірімді, жұртты қасқабағынан түсініп, тілін таба біледі. Еңбеккерлердің жеке басына жақсы жағдай туғыза алады.

жұмыс істеуі - қысқасы, жұмыс басындағы әр қимыл-қозғалыс шебердің көз алдында болуы керек.

Жұмысын тыңғылықты орындап, келесі

қытым жоқ», - дегендей, ленталы конвейер секундтармен жарысып, зымырап барады...

Жанаргүл Қадырова

Кеніштен көрініс

